



Тақырыбы:

Дос болайық, бәріміз!

3-сынып

Өткізген: А. Садыкова

2015 ЖЫЛ

Құзыреттілікке жеткізетін сабақтың мақсат -міндеттері:

Ақпараттық:

Оқушыларға адам бойындағы достық сезімнің құдіретін ұғындыру, бұл сезімнің қасиетті де қастерлі сезім, жақсылықтар жиынтығы екендігіне көз жеткізу; татулық, достық адами қасиеттердің өмірдегі маңыздылығын түсіндіру;

Достық, жолдастық туралы мақал-мәтелдер, өзіндік ой- пікірлерін айтқызу арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу. Достық қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту;

Проблеманы шешу:

Сенімді және адал дос болуға ұмтылысын дамыту; адамдардың өмірінде достықтың алатын орны ерекше екені туралы ой-пікірлерін кеңейту; көркем шығармадағы және қоршаған ортадағы достық қарым –қатынастың көріністерін бағалау қабілеттерін дамыту.

Сабақтың типі: Жаңа білімді хабарлау

Оқытудың әдіс-тәсілдері, технологиясы:

АКТ, білім беруді ізгілендіру, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы, түсіндірмелі-иллюстративті, бейне материалды көру

Пәнаралық байланыс:

Қазақ тілі, ана тілі, бейнелеу, информатика

Оқыту құралдары: проектор, интерактивтік тақта, оқулық, компьютер

Сабақтың кезеңдері

Ұйымдастыру бөлімі

Жаңа білімге кіріспе

Жаңа білімді хабарлау

Жаңа білім бекіту

Қорытындылау

Жүректен жүрекке



Шаттық шеңбері

Дос болайық

**Әкел, досым, қолыңды,
Татуласқан орынды.**

**Көрсет, кәне, соныңды,
Баққа бірге кірейік,**

Қол ұстасып жүрейік.

Татулықтың белгісі,

Кел, қосылып күлейік.



Достыққа тән қасиеттер



Қамқорлық



Жомарттық



Адалдық



Әдептілік



Көмекшілік



Кішіпейілділік

A vibrant, pixelated garden scene. In the center, a large yellow sun-like shape with a black outline contains the word "Достық" in a black, cursive font. The background is a lush garden with green trees, purple and pink flowers, a small blue birdhouse, a blue bird, a stone lantern, a small pond with a waterfall, and a stream with lily pads and pink flowers. The scene is bright and colorful, with a soft glow around the central sun shape.

Достық

Достық неден туындайды?




Жаңа материалды хабарлау

“Екі дос” ертегісі

Ертеде екі дос болыпты. Олар орманда келе жатырғанда алдарынан аю шығады. Екі достың біреуі қатты сырқат еді. Аюды көрген сау досы, сырқат досын тастап, өзі теректің басына шығып кетеді. Сол кезде сырқат досы аю қасына келгенде өлген адам секілді кейіп танытады.

Аю иіскелеп кетіп қалады. Аю кеткен соң терек басындағы досы түсіп, аю саған не деп кетті деп сұрайды. Сол кезде сырқат досы: “Сенің досың адал дос емес екен. Егер шын дос болса, сені тастап кетпес еді” деді досына.



"Екі дос" ертегісі

Талдау әдісі:

- Екі дос қандай оқиғаға тап болды?
- Досының істеген ісі дұрыс па?
- Сенің досың бар ма?
- Достарыңа көмектесесің бе?



Әрқашан
тілектес,
Досыңа
көмектес.

"Мақал-сөздің маржаны"

1


4

2


5

3

6



"Мақал-сөздің маржаны"



"Мақал-сөздің маржаны"




"Мақал-сөздің маржаны"




"Мақал-сөздің маржаны"




"Мақал-сөздің маржаны"



"Мақал-сөздің маржаны"



ЖАҒДАЯТТАР



The background image shows two young girls with dark hair, wearing white dresses with ruffled sleeves. They are looking downwards with thoughtful or slightly sad expressions. The girl on the left has her hand near her mouth. The overall tone is soft and contemplative.

Жаксы дос

Сенің ең жақын досың жағымсыз қылық істеді. Сынып жиналысында оны талқылап жатыр. Ол сенен көмек күтіп отыр. Сен не айтар едің?



Сырым мен Дина дос болатын. Бірде Сырмның лақтырған добы Динаның басына тиді. Сырым добын домалатып теуіп ала жөнелді.

- Жанар мен Сырымды шын достар деп айтуға бола ма?

- Олардың достықтары қалай жалғасады деп ойлайсыңдар?



*Құрбылары Жанарға
Балмұздақ берген-ді.
Жанар кетті алға тез,
Алды-артына қарамай,
“Рақмет” – деп, жалғыз сөз
Айтуға да жарамай!*


*- Балалар Жанардың бұл қылығы дұрыс па?
- Сендер қалай ойлайсыңдар, осыдан кейін
балалар Жанармен дос бола ма?*



Жаңа материалды бекіту:

Достық қағидалары:

- * Қиын кездерде бір-біріне көмек көрсетіңдер.*
- * Досыңды алдамай, оған адал бол.*
- * Досыңды қорлама.*
- * Досыңмен қызықты шақтарды бөлісе біл.*
- * Досыңды барда да сына, жоқта да сына.*
- * Досыңның кемшілігін кешіре біл.*



Қорытындылау:

Д – дүниедегі

О – озық ойлы

С – сабырлы

Т – тұрақты

Ы – ыстық

Қ – қарым-қатынас



Жүректен жүрекке



Мейіріңді
менам жүрегі-
міз үшін
рақмет!

3^Б-сынып
оқушылары

ән: "Дос болайық, бәріміз!"



Дос болайық, бәріміз!

Әрқашан дос біргеміз,
Ажырамас іргеміз,
Ілгері жүріңдер.
Достық жырын біліңдер,
Ту қып ұстап бірлікті,
Еңбекті сүйіңдер.

Қайырмасы:

Дос болайық, бәріміз
Жарасып тұр әніміз.
Тыныштықты сақтаймыз, сақтаймыз,
Атсын күліп таңымыз.

Қайраттанып ғарышта,
Озып шыққан жарыста,
Батыл бол, жасұлан.
Самға биік ғарышқа,
Жұлдыздардан алысқа,
Бойда күш тасыған.

Қайырмасы:

Отан біздің панамыз,
Аман жүрсін анамыз,
Нұрлы күн сөнбесін.
Бақыт болып жанамыз,
Жарық біздің санамыз,
Қара бұлт төнбесін.

Қайырмасы:





Назарлаңызга рахмет